



Шортанбайдың Жанғұттыға
айтқан ақтық сөзі

Маңайыма топтап кіл,
Жаксыны, Жәке, жинап ем.
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Жырау деп, елім, сыйлап ең.
Қалың қазақ камы үшін,
Қайғы жеп жанды кинап ем.
Білсем де жалған өтерін,
Алладан пәрмен жетерін,
Қу тірлікті қимап ем.
Ат тұяғын тоздырған,
Алысқа мойын создырған,
Даламды көріп марқайып,
Сарыарқаға сыймап ем.
Бакұл бол, Жәке, бакұл бол!
Алты Алаштың баласы,
Бейне колдың саласы,
Ардак тұтып уа, Жәке,
Әруағымды асырдың.
Көре алмайтын көп дұшпан,
Арқасында елімнің,
Аяғыма келіп бас ұрды.
Ризамын, Жәке, еліме!
Құлакка жетін зарлы мұң,
Заманның болжап тарлығын.
Көңілім, Жәке, басылды.
Өрге сүйреп келіп ем,
Ойдағы жатқан тасыды.
Кәпірдің қылар зорлығын,
Зобалаңның молдығын,
Сезініп жүрек ашынды.
Қатын-балам аманат,
Демессің жырау жасыды,
Төзе алмаспын әріге,
Сүйей бер, Жәке, басымды!

Бүгіннің баласы

Ойнаушы едік ес қалмай балақ
түріп,
Қарағанға табанды қанаттырып.
Құлазиды көңілің ойнамайтын,
Бүгінгі балаларға қарап тұрып.

Ұзақты күн доп куып, асық атып,
Құмарымыз кеш түсе басылатын.
Қайран қалам бүгінгі балаларға,
Ойынға емес, «видикке» асығатын.

Шешеміздің ішіп ап берген сүтін,
Бұзау бағып кетуші ек ертеңгісін.
«Видик» қарап, көрмей-ақ
теледидар.

Тыңдап өстік әженің
ертегісін.

Кекіліміз желбіреп
самал өпкен,
Жарысушы ек көктегі
самолетнен.
Таң қаламын бүгінгі
балаларға,
Ойнамайтын куалап
көбелекпен.

Көк шыбықты арғымақ
ат қып алып,
Қырдан-қырға шаңдатып
шашқыладық.
«Видик» деген пәлеңіз балаларды,
Жібергендей мәнгүрт қып, аққұла
қып.

Ойнаушы едік ес қалмай балақ
түріп,
Қарағанға табанды қанаттырып.
Қынжыласың осылай ойнамайтын,
Бүгінгі балаларға қарап тұрып.

Қараша үй

Қоңыраулатқан қалмай ұлы көштен
біз,
Қараша үйде қоңыр тірлік
кешкенбіз.
Қоңыр үнді домбыраныңкиелі,
Күйін тыңдап қараша үйде
өскенбіз.

Қамшылатып арманыңның ақ атыш,
Қактыратын қиялыңның қанатын.
Төнкерілген аспандағы көп
жұлдыз,
Қараша үйдің түндігінен таматын.

Қараша үйде әжем әнге салатын,
Әлди-әннен жаным рахат табатын.
Көңіліңе шуақты бір нұр құйып,
Ошағында маздап оты жанатын.

Өмір әнін тыңдағандай баласың,
Естілмейтін қараша үйден оғаш үн.
Жаксылықтың бастауына айналған,
Білмеппін-ау қараша үйдің
бағасын!

Іштей ұғып қасиеті мен киесін,
Күмбір-күйін көңіліңе түйесің.



серғазы ҚАБЫЛДАҰЛЫ
"Шет шұғыласы" газетінің
Бас редакторы
Қарағанды облысы әкімінің

Бір өкініші жүрегінді шабақтап,
Қараша үйге басынды үнсіз иесің.

...Қоңыраулатқан қалмай ұлы
көштен біз,
Қараша үйде қоңыр тірлік
кешкенбіз.
Әлди-әннің әуенімен оянып,
Егіз ішектің күйін тыңдап
өскенбіз.

Қоңыр күй

Қоңыр жел есіп тау жактан,
Қоңырша бұлтты аунатқан.
Көңілді тербеп қоңыр күй,
Қоңыр үн жеткен аулақтан.

Сезімді суша сапырған,
Арманға аңсар шақырған.
Әбікен шерткен қоңыр күй,
Жаныңды мұңға батырған.

Аккудай сыңсып, мамырлап,
Қанатын қағып дамылдап.
Әбікен шерткен «Қоңырды»,
Әркім-ақ бүгін сағынбақ.

...Қоңыр жел есіп тау жактан,
Қоңырша бұлтты аунатқан.
Көңілді тербеп қоңыр күй,
Қоңыр үн жеткен аулақтан.

ДОС-ЖОЛДАСЫМ КӨП ДЕМЕ, ҚАС-ДҰШПАНЫМ ЖОҚ ДЕМЕ